



## Құрметті студент!

2017 жылы «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B050800	«Есеп және аудит»	1. Экономикалық теория 2. Макроэкономика 3. Бухгалтерлік есеп негіздері 4. Басқару есебі I

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
  - Экономикалық теория
  - Макроэкономика
  - Бухгалтерлік есеп негіздері
  - Басқару есебі I
- Тестілеу уақыты – 180 минут.  
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Тандаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
- Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;  
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;  
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға  
**қатаң тиым салынады!**

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

## Экономикалық теория

1. Экономикалық категориялардың талдау дәрежелері:

- A) Микро және макроэкономика
- B) Қоғамның дамуы
- C) Бағаны қалыптастыру процесі
- D) Жеке тауарлардың бағасы, ресурстар, шығындар, пайда
- E) Қоғамның жалпы табысы, жұмыссыздық, инфляция

2. Барлық экономикалық жүйелерді қалыптастырудың негізгі мәселесі:

- A) Инвестиция құю
- B) Сиректілігі
- C) Өндірісті ұлғайту
- D) Айырбас құны
- E) Қарым-қатынасы

3. Өнеркәсіп революциясы мен ҒТІІ даму деңгейі бойынша индустриалды даму дәуіріне дейінгі жүйе:

- A) ірі машиналық өндіріске дамыған тауар - ақша қатынастарына негізделеді
- B) орталықтанған жоспарлау арқылы барлық ресурстар мен өндіріс факторлары мемлекеттің қолында болып, мемлекеттік меншіктің үстемділігі жүргізіледі
- C) натуралды шаруашылық еңбегі дәстүр бойынша жалғасып, жүргізіліп отырады
- D) ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырған дәстүр мен салт бойынша қатынастар қалыптасады
- E) ауыл шаруашылығы натуралдық шаруашылық және қол еңбегі басым орын алады

4. Индустриалдық жүйе:

- A) Өндіріс факторларын дамытуда тауарлар шығаруға негізделеді
- B) Ірі машиналық өндіріске дамыған тауар- ақша қатынастарына негізделеді
- C) Ресурстар мен өндіріс факторлары мемлекеттің қолында болып, мемлекеттік меншіктің үстемділігі жүргізіледі
- D) Мемлекеттің егемендігі және ұлттық экономиканы жүзеге асырады
- E) Негізгі ресурс ретінде ақпарат саналады, экономиканың бастаушы саласы

5. Нарықтық экономиканың принциптері:

- A) Интенсивті өндіріс
- B) Тауарлар мен қызметтерге бағаны мемлекеттік реттеу
- C) Тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдау
- D) Кәсіпкерлік қызығушылық
- E) Экономиканы толықтай орталықтан басқару
- F) Мемлекеттің экономикалық секторларын жекешелендіру
- G) Баға қалыптастыру еркіндігі
- H) Жетілген бәсеке

6. Жекешелендіру саясаты:

- A) Шаруашылық процестерін жүргізу арқылы шектеулі ресурстарды пайдаланатын өндірістік қатынастары
- B) Шағын, орта бизнесті дамыту
- C) Елдің барлық еңбекке жарамды халықтың жұмысқа деген сұранысын қамтамасыз ету үшін жеткілікті жұмыс орнының болуы
- D) Табиғи ресурстарға, жерге, үйге, өндіріс құрал-жабдықтарына меншік формасын өзгерту процесі
- E) Толық жұмыспен қамтуға жету, ЖҰӨ-нің көлемін өсіру, инфляцияны төмен деңгейде ұстап тұру мақсатымен елде экономикалық жағдайға бақылау жасау үшін жасайтын үкімет іс-әрекеті

7. Нарықтың кемшіліктері:

- A) Еңбекті сақтауға кепілдік жоқ
- B) Еңбек ресурстардың толық жұмыс бастылығына кепілдік жоқ
- C) Жаңа технологиялар тез меңгеріледі
- D) Адам капиталының дамуы үшін шарттарды қалыптастыру
- E) Қажеттіліктер толық қанағаттандырылмайды
- F) Ресурстардың шектеулілігі

8. Салықтың атқаратын қызметтері:

- A) Қайта бөлу
- B) Баға белгілеу
- C) Делдалдық
- D) Танымдық
- E) Реттеуші
- F) Тәжірибелік
- G) Сауықтыру
- H) Фискальдық

9. Өндіріс факторлары:

- A) ресурс
- B) еңбек
- C) еңбек өнімділігі
- D) жұмыссыздық
- E) игіліктер

10. Сұраным заңы әрекет етпейді:

- A) Нарықтағы сатып алушылар саны азайған жағдайда
- B) Сирек кездесетін, әрі қымбат тауарларды сатып алған жағдайда
- C) Сапасыз тауарлардың бағасы төмендеген жағдайда
- D) Салықтар мен субсидияларды арттырған жағдайда
- E) Сапасыз тауарлардың бағасы жоғарылаған жағдайда

11. Ұсынымға бағадан тыс әсер ететін факторлар:

- A) Нарықтағы сатушылар саны
- B) Сән үлгісіндегі тауарлар саны
- C) Тауар өндірісінің шығындар шамасы
- D) Бәсекелес өндірушілердің тауарының бағасы
- E) Сапасыз тауарларды өндірушілер саны
- F) Салықтар мен субсидиялар
- G) Бірін бірі толықтыратын тауарлардың бағасы өзгерген
- H) Тұрғындар табысы жоғарылаған жағдайда

12. Тұрақты капитал:

- A) техника, технологияларға жұмсалған капитал
- B) станоктар, машиналарға жұмсалған капитал
- C) жұмыс күші, тауарды сатып алуға жұмсалған капитал («V»)
- D) еңбек құралдарының құны
- E) өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсалған капитал ("C")
- F) өнеркәсіп капиталы
- G) айналмалы капиталдың бір бөлігі

13. Несие:

- A) Бюджеттегі бос ақшалар
- B) Қайтарылып берілетін капитал
- C) Қарыз капиталының қозғалу нысаны
- D) Тұтынушылардың табысы
- E) Мемлекеттік капитал
- F) Фирманың негізгі және айнымалы капиталының қайнар көзі
- G) Кәсіпорындардың бос қаржысы

14. Өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты өзгеріп отыратын айнымалы (өзгермелі) шығын:

- A) Шикізатқа, отынға, қуат көзіне, көлік қызметіне, еңбек ресурстарына жұмсалады
- B) Фирма еш нәрсе өндірімеген жағдайда да төленеді
- C) Өнім өндіру процесі басталмастан бұрын пайда болады
- D) Бастапқы кезде өндіріс көлемінің ұлғаюымен қатар қарқынды ұлғайып отырады
- E) Қисығы өнім саны абциссасына перпендикуляр болады
- F) Қисығы өнім саны абциссасына параллель болады
- G) Қисығы шығындар шамасы ординатасына параллель болады

15. Өндіріс факторлар нарығы:

- A) Ақша нарығы
- B) Капитал нарығы
- C) Автомобильдер нарығы
- D) Тауарлар мен қызметтер нарығы
- E) Жер нарығы
- F) Азық-түлік нарығы
- G) Еңбек нарығы
- H) Игіліктер нарығы

16. Еңбек нарығы:

- A) Капиталды тауар түрінде ұсынатын экономикалық қатынастар жүйесі
- B) Ақшаны тауар ретінде сататын және сатып алатын экономикалық жүйе
- C) Жұмыс күшіне сұраныс және ұсынысты қамтамасыз етуші экономикалық қатынастар жүйесі
- D) Қор биржалары
- E) Еңбек нарығындағы ұйымдар
- F) Жұмыс күшін тауар ретінде сату - сатып алу туралы экономикалық қатынастардың жүйесі
- G) Тауарлар мен қызметтерді ұсынатын нарық
- H) Автомобильдер нарығы

17. Қазақстан Республикасында жұмыс жасайтын Түрік азаматының өндірген өнімінің бағасы енеді:

- A) Қазақстанның ЖҰӨ-не және Түркияның ЖІӨ-не
- B) Қазақстанның және Түркияның ЖІӨ-не
- C) Қазақстанның ЖҰӨ-не
- D) Қазақстанның және Түркияның ЖҰӨ-не
- E) Түркияның ЖҰӨ-не және Қазақстанның ЖІӨ-не
- F) Қазақстанның ЖІӨ-не
- G) Түркияның ЖІӨ-не

18. AS қисығының жылжуына әкелуші факторлар:

- A) мемлекеттік шығындардың өзгеруі
- B) тұтынушылар шығындарының өзгеруі
- C) құқықтық нормалардың өзгеруі
- D) тұтынушы табысының өзгеруі
- E) өндірістік ресурстардың баға деңгейінің өзгеруі
- F) нарық құрылымы

19. Экономикалық ауытқудың тоқырау фазасында:

- A) Тауарлар запасы өседі
- B) Еңбек ақы төмендейді
- C) Жаппай жұмыссыздық болады
- D) Жұмыссыздық төмендейді
- E) Бағалар төмендейді
- F) Акция бағамы төмендейді
- G) Ең төменгі еңбек ақы орын алады

20. Жалпылама экономикалық заңдар:

- A) Сұраным заңы
- B) Уақытты үнемдеу заңы
- C) Социализмнің коммунизмге ауысу экономикалық заңдылығы
- D) Ұсыным заңы
- E) Экономиканың жоспарлы пропорциональды даму заңы
- F) Еңбек өнімділігін арттыру заңы

21. Өндіріс формалары:

- A) Қатаң белгіленген тұрақты бағалар – баға құру органдарының белгілейтін бағалары
- B) Реттелген бағалар, бұлардың мөлшерін мемлекеттік органдар реттеп отырады
- C) Салыстырмалы, есептелген, келісімді, болжамды, жоспарланған да түрлері бар
- D) Индустриалдық өндіріс, ірі механикаланған машина өндірісі үстемдік етеді
- E) Постиндустриалдық өндіріс, бұнда қызметтер, ғылым, білім сфералары үстемдік етеді
- F) Индустриалдыққа дейінгі өндіріс, бұнда ауыл шаруашылығы мен қол еңбегі үстемдік етеді

22. Кәсіпорын қорлары:

- A) Салалар формасы
- B) Ақша қаражат жиынтығы
- C) Жалпы шығындар
- D) Пайда табу
- E) Материалдық игіліктер өндіру
- F) Өнімді сатып алу

23. Бағалардың өсу қарқынына байланысты инфляция түрлері:

- A) экспортталған инфляция - бағалардың өсу қарқынының жылына 10%-ға дейін болуы
- B) ашық инфляция - бағалардың өсу қарқынының жылына 200%-ға дейін болуы
- C) әлемдік инфляция - бағалардың өсу қарқынының жылына 200%-ға дейін болуы
- D) баяу инфляция – бағалардың өсу қарқынының жылына 10%-ға дейін болуы
- E) гиперинфляция – бағалардың өсу қарқынының жылына 200%-дан асуы

24. Лаффер қисығын суреттейді:

- A) Салықтық түсімдер мен салық мөлшерінің арасындағы тура байланысты
- B) Салық көздері мен нысандарының арасындағы байланысты
- C) Салық мөлшерінің максималды шамасында салықтық түсімнің төмен болуын
- D) Салық мөлшері мен жеңілдіктер арасындағы тура байланысты
- E) Салықтық түсімдер мен салық мөлшерінің арасындағы кері байланысты
- F) Салық мөлшерінің минималды шамасында салықтық түсімнің жоғары болуын
- G) Салықтық түсімдер мен салық мөлшерінің арасындағы байланысты
- H) Салық субъектісі мен салықтық жеңілдіктер арасындағы байланысты

25. Экономикалық өсудің экстенсивті факторы:

- A) Өндірісте ұйымдастыруды жақсарту
- B) Капитал көлемінің өсуі
- C) Қосымша өндіріс факторларын тарту арқылы ұлттық өнімнің өсуі
- D) Еңбек ресурстарының саны мен сапасы
- E) Еңбек өнімділігінің өсуі
- F) Өндірісте қуатты жетілдіру

**Экономикалық теория  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**



## Макроэкономика

1. ЖІӨ есептеуде қолданылатын әдіс:

- A) Табыстар әдісі
- B) Статистикалық әдіс
- C) Өндірістік әдіс
- D) Физикалық әдіс
- E) Талдау әдісі
- F) Динамикалық әдіс
- G) Өзіндік құн әдісі

2. Макроэкономикалық талдаудың негізгі мәселелері:

- A) Өндіріс тиімділігін арттыру
- B) Өндіріс шығындарының құрылымы
- C) Ұлттық өндірістің серпіні
- D) Еңбек өнімділігін арттыру
- E) Жалақы мөлшері

3. «Ағын» айнымалысы:

- A) Бір жылдағы жұмыстан айырылғандар саны
- B) Бір жылдағы инвестиция көлемі
- C) Бюджет тапшылығы
- D) Тұтынушы мүлкі
- E) Қолданылатын капитал көлемі
- F) Тұтынушы шығындары

4. ЖІӨ бұл:

- A) Бейрезиденттердің табыстары
- B) Қоғам әл-ауқатының көрсеткіші
- C) ЖҰӨ – амортизациялық төлемдер
- D) Дайын тауарлар мен қызметтердің бір жылдағы нарықтық құны
- E) Өндіріс пен импортқа салынатын салықтан түсетін табыс
- F) Аралық өнімнің нарықтық құны

5. Жалпы ұлттық өнім:

- A) Кәсіпорындардағы өндірілген өніммен қоса сауда жүйесіндегі қорлардың қосындысы
- B) Өзіндік құн қосындысы
- C) Макроэкономикалық көрсеткіш
- D) Ел ішінде және одан тыс жерлердегі ел резиденттері өндірген өнімді есепке алады
- E) Өткізілген өнімдер мен қызметтердің қосындысы
- F) Бір жылда өндірілген соңғы тауар мен қызметтердің нарықтық құнының қосындысы

6. Жиынтық сұраныс көлемінің динамикасына әсер ететін бағалық факторлар:

- A) Клейтон заңы
- B) Кобба-Дуглас үлгісі
- C) Манделл-Флеминг әсері
- D) Харрод-Домар үлгісі
- E) Пигу әсері
- F) Кейнс әсері

7. AS қисығының кесіндісі:

- A) талғамсыздық кесінді
- B) сынық сұраным кесінді
- C) аралық кесінді
- D) кейнсиандық кесінді (қысқа мерзімді кезең)
- E) классикалық кесінді (ұзақ мерзімді кезең)

8. IS және LM қисықтарының қиылысу нүктесінде:

- A) Нақты пайыз мөлшерлемесі атаулы пайыз мөлшерлемесіне тең
- B) Тауар мен қызметтерге жиынтық сұраныс ақша ұсынысына тең
- C) Ақшаның нақты ұсынысы ақшаға нақты сұранысқа тең
- D) Өнім шығару көлемі мен пайыз мөлшерлемесінің деңгейлері тауар және ақша нарықтарының тепе-теңдік шарттарын қанағаттандырады
- E) Жоспарланған шығындар нақты шығындарға тең
- F) Өнім шығарудың нақты көлемі әлеуетті өнім көлеміне тең
- G) Тұтынуға шекті бейімділік пен жинақтауға шекті бейімділіктердің сомасы бір бірлікке тең

9. Кейнс үлгісіне сай:

- A) Шығарылатын өнім көлемі экономикадағы капитал қорына тәуелді
- B) Инвестициялық мөлшерлемелер икемді
- C) Бағалар мен атаулы жалақы икемді
- D) Экономикада ұсыныс тиісті сұранысты тудырады
- E) Экономикада сұраныс тиісті ұсынысты тудырады

10. Ұсыныс жағынан сілкініс болған жағдайда:
- A) Жиынтық ұсыныс өседі
  - B) Жұмысбастылық төмендейді
  - C) Атаулы жалақы өседі және инвестициялық шығындар көбейеді
  - D) Баға да, өнім көлемі мен жұмысбастылық та өседі
  - E) Өнім көлемі төмендейді
  - F) Жиынтық сұраныс қисығы солға-төмен жылжиды
  - G) Нақты жалақы өседі және инвестициялық шығындар көбейеді
11. Тұтынуға шекті бейімділік:
- A) Тұтыну көлемінің өсімі мен қолда бар табыстың өсімінің қатынасы
  - B)  $\frac{\Delta C}{\Delta Y^D}$
  - C) Жылдық кірістің үлесі
  - D) Шығынның жинаққа қатынасы
  - E)  $\frac{C}{Y^D}$
12. Қысқа мерзімді кезеңде ағымдағы қолда бар табыс өскен сайын:
- A) APC өседі, APS кемиді
  - B) APC және APS кемиді
  - C) Тұтыну шығындары да, қор жинау да кемиді
  - D) APC кемиді, APS өседі
  - E) Отбасы табысының өсуімен тұтынуға кеткен шығын бөлігі салыстырмалы қысқарады және қор жинағы салыстырмалы өседі
  - F) Отбасы табысының өсуімен тұтынуға кеткен шығын бөлігі салыстырмалы өседі және қор жинағы салыстырмалы қысқарады
  - G) Тұтыну шығындары және қор жинау өзгермейді
13. Ақша ұсынысын азайту туралы шешім қабылдау үшін Ұлттық банк:
- A) Ақша басып шығаруы мүмкін
  - B) Ашық нарықта мемлекеттік облигацияларды сатып алуы мүмкін
  - C) Ашық нарықта мемлекеттік облигацияларды сатуы мүмкін
  - D) Міндетті резервтер мөлшерлемесін арттыруы мүмкін
  - E) Есептеу мөлшерлемесін көбейтуі мүмкін
14. Рестрикциялық ақша-несие саясатының ерекшелігі:
- A) Салық салу деңгейін төмендету
  - B) Екінші деңгейлі банктердің несиелік операциялар көлемін шектеу
  - C) Инфляцияны азайту
  - D) Сыйақы мөлшерлемесінің деңгейін арттыру
  - E) Мемлекет шығындарын азайту

15. Коммерциялық банк қызметі:

- A) Халықты несиелендіру
- B) Ақша нарығындағы тепе-теңдікті реттеу
- C) Іскерлікті несиелендіру
- D) Есептік мөлшерлемені реттеу
- E) Кәсіпорынның ағымдағы шоттарын жүргізу

16. IS қисығының солға жылжуының себептері:

- A) Мемлекеттік шығындардың азаюы
- B) Тұтынушы шығындарының өсуі
- C) Инвестициялық шығындардың өсуі
- D) Жинақтардың азаюы
- E) Инвестициялық шығындардың азаюы
- F) Салықтардың көбеюі

17. Графикте IS қисығынан жоғары жатқан нүктелерде:

- A) Ақша ұсынысы оның сұранысынан көп
- B) Игіліктер нарығында артықшылық
- C) Тауарлар мен қызметтерге сұраныс артық
- D) Ұлттық табыс көлемі жоспарланған шығындардан аз
- E) Ұлттық табыс көлемі жоспарланған шығындардан артық

18. Инфляция кезінде:

- A) Ақшаның сатып алу қабілеті төмендейді
- B) Қарыз алушы ұтылады, қарыз беруші ұтады
- C) Жұмыссыздық дейгейі артады
- D) Тауарлардың салыстырмалы бағасы төмендейді
- E) Ақша құнсызданады
- F) Атаулы пайыз мөлшерлемесі нақты пайыз мөлшерлемесінен төмен болады
- G) Нақты пайыз мөлшерлемесі атаулы пайыз мөлшерлемесінен төмен болады

19. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі:

- A) Жұмыссыздықтың тұрақты деңгейі
- B) Циклдық және құрылымдық жұмыссыздық сомасы
- C) Фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздықтарының айырмасы
- D) Циклдық және құрылымдық жұмыссыздықтарының айырмасы
- E) Циклдық және фрикциондық жұмыссыздықтарының айырмасы
- F) Фрикциондық және циклдық жұмыссыздық сомасы

20. Экономикада 1 тоннасына 100 доллар бағамен 10 тонна бидай және 1 станоктың бағасы 500 доллар болатын 2 станок өндіріледі деп жорамалдайық. Сонда бұл елдің ЖҰӨ -і тең болады:

- A) 2 000
- B) 20
- C) 5000
- D)  $500 \cdot 2 + 100 \cdot 10$
- E) 10
- F) 500
- G)  $1000 + 1000$

21. Инфляция мен жұмыссыздық арасындағы өзара байланыс:

- A) Жұмыссыздық төмендейді, инфляция өседі
- B) Жұмыссыздық өседі, инфляция да өседі
- C) Лаффер қисығында көрсетілген байланыс
- D) Тікелей байланыс
- E) Лоренс қисығында көрсетілген байланыс
- F) Тура байланыс

22. Ағымдағы операциялар бойынша Қазақстан мемлекетінің балансында тапшылық болса:

- A) Импортқа салық салынады
- B) Импорт көлемі ұлғайтылады
- C) Экспорт көлемі ұлғайтылады
- D) Тапшылық қаржыландырылады
- E) Ауыспалы валюта бағамы көтеріледі
- F) Экспорт көлемі қысқартылады

23. Шағын ашық экономикаға қатысты пікірлері дұрыс:

- A) Инвестициялар мөлшері әлемдік пайыз мөлшерлемесіне тәуелді
- B) Импорттың мөлшеріне тәуелді
- C) Сауда балансының сальдосы міндетті түрде нөлге тең
- D) Импорттың мөлшері импорттауға шекті бейімділікке тәуелді
- E) Таза қызметтер мен таза ағымдағы трансферттер оң мөлшерді құрайды
- F) Ұлттық жинақ ақша инвестицияға тең болады
- G) Жабық экономика шығысы мультипликатор мөлшеріне тең
- H) Таза экспорттың мөлшері ұлттық кіріске тәуелді

24. Протекционистік сауда саясатының ерекшелігі:

- A) Таза экспорт өседі
- B) Ұлттық экономиканы қолдау саясаты
- C) Пайыз мөлшерлемесін өзгертеді
- D) Пайыз мөлшерлемесін өзгертпейді
- E) Инвестиция деңгейін төмендетеді
- F) Инвестиция деңгейі тұрақты
- G) Тепе-тең нақты валюта бағамы өседі

25. Тұрғындардың өсуінсіз және технологиялық прогрессіз тұрақты жағдайда дұрыс тұжырымдама:

- A) Капиталмен қарулану етілуі неғұрлым жоғары болса, инвестиция көлемі соғұрлым жоғары болды
- B) Еңбек өнімділігі артып, өндірілген өнім көлемі ұлғая түседі
- C) Бір жұмысшыға шаққандағы капитал көлемі уақыт кезеңінде тұрақсыз болып қалады
- D) Жиынтық ұсыныс қысқа мерзімді кезеңде қарастырылады
- E) Жұмыссыздық деңгейі төмендейді және инфляция жойылады
- F) Бір жұмысшыға шаққандағы инвестиция бір жұмысшыға шаққандағы капиталдың тозуына тең
- G) Экономикаға инвестиция тарту ұлғая түседі

**Макроэкономика  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**Бухгалтерлік есеп негіздері**

1. Еңбек өлшемі арналған:

- A) белгілі бір уақыт аралығында өндіріліп шығарылатын өнім санын анықтауға
- B) кіріске алынуға тиісті материалдарын өлшеуге
- C) құрылысты салуға кеткен барлық шығынның құнын анықтау үшін
- D) жұмсалған шығындардың есебін жүргізу үшін
- E) есептен шығарылуға тиісті материалдардың көлемін анықтауға
- F) бір дана өнімді өндіруге кеткен уақытты анықтауға

2. Бухгалтерлік есеп жұмысын жүргізуде қолданылатын өлшем түрлері:

- A) ой еңбегі мен қол еңбегі
- B) ақшалай
- C) натуралды емес
- D) натуралды
- E) заттай өнім түрінде
- F) өнім түрінде

3. Бухгалтерлік есептің ақпараттық жүйесі:

- A) қаржылық есептілік
- B) экономика және әлеуметтік
- C) салық және жедел есебі
- D) қаржылық және басқарушы
- E) салықтық, бухгалтерлік
- F) қаржылық және басқарушы есебі, шоттар жүйесі

4. Шаруашылық құралдарының пайда болу көздері:

- A) ақша қаражаттары
- B) негізгі құралдар
- C) дебиторлық берешек
- D) жарғылық капитал
- E) бөлінбеген пайда
- F) инвестициялар

5. Қаржылық жағдайды бағалаумен байланысты қаржылық есептілік элементтері:

- A) міндеттемелер
- B) залал
- C) пайда
- D) капитал
- E) есеп берулер
- F) активтер

6. Бухгалтерлік есептің әдісі:

- A) Құжаттау
- B) Жедел есеп
- C) Статистикалық есеп
- D) Шаруашылық есеп
- E) Еңбек заттары мен құралдары
- F) Есеп беру
- G) Бухгалтерлік баланс

7. Бухгалтерлік баланс:

- A) кәсіпорынның активтерімен олардың қайнар көздерінің белгілі бір мерзімге бір жүйеге келтіріліп, ақшалай өлшем түрінде теңестіріліп екі жақты кестеде бейнелену
- B) өндірілген өнімнің, көрсетілген қызметтің нақты өзіндік құнды анықтау
- C) кәсіпорындағы мүліктердің және міндеттемелердің құнын ақшалай өлшемге айландырып есептеуді
- D) капитал мен міндеттеме жиынтығы
- E) шаруашылық қаржысын өндіріс процесінде оның құрамы мен атқаратын міндеті бойынша, ал оның қайнар көздерін құрылу формалары мен мақсатты міндеті бойынша ақшалай бағамен белгілі бір мерзімге топтастыру
- F) орындалған операцияның жазбаша түріндегі анықтамасы
- G) шаруашылық құралдары мен олардың пайда болу көздерін белгілі бір сәтке ақшалай бағамен топтастыру тәсілі

8. Бухгалтерлік есеп нысаны:

- A) жинақтамалы және талдамалы шоттар бойынша айналым ведомосы
- B) есептілік құру мақсатында құжаттардан алынатын мәліметтерді жалпылау үшін қолданылатын есептік тіркелімдер
- C) шаруашылық операцияларын шоттарда көрсету
- D) машинограммалар мен перфокарталар
- E) журналдар, ведомостар, карточкалар



## 9. Жойылу баланс:

- A) бухгалтерлік есептің әдістерінің элементтеріне сәйкес ұйымның қандайда бір өткен уақыт аралығындағы, есепті кезеңдегі операцияларының, шаруашылық үдерістерінің қорытындыланып, белгілі бір есеп беретін күнге бір жүйеге келтірілуі
- B) кәсіпорынның жаңадан құрылған уақытында жасалған бухгалтерлік баланс
- C) ұйым өз қызметін тоқтатар кезде, таратылатын уақытта жасалған бухгалтерлік баланс
- D) ұйым өз қызметін тоқтатар кезде, таратылатын уақытта жасалған бухгалтерлік баланс
- E) халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес белгіленген баланс
- F) кәсіпорын жойылған кезде
- G) ғылыми зерттеулер үшін

## 10. Ұзақ мерзімді активтер:

- A) ұзақ мерзімді материалдық активтер
- B) материалдық емес активтер
- C) кредиторлық берешектер
- D) қорлар
- E) міндеттемелер

## 11. Бастапқы құжат:

- A) біртектес операцияны тіркеу құжаты
- B) іскерлік белсенділікті сипаттайтын құжат
- C) шаруашылық операциялары жасалған кезде тікелей рәсімделеді
- D) ықшамдайды және есептік құжаттауды аса көрнекті етеді.
- E) маңызды мәліметтерді тіркеу құжаты
- F) кез келген іскерлік операцияны тіркеу құжаты
- G) шаруашылық операциясы орындалған сәтте жасалатын және болған фактілерді алғаш куәландыратын бухгалтерлік құжат

## 12. Өкімгерлік құжаттар:

- A) анықтама
- B) қызметтік хат
- C) хаттама
- D) бұйрықтар
- E) штат кестесі
- F) қаулылар

13. Пассивті шоттар арналған:

- A) Капитал
- B) Активтер мен шығыстарды есепке алу үшін
- C) Өндірістік есеп жүргізу үшін
- D) Міндеттемелерді есепке алу үшін
- E) Қорларды есепке алу үшін

14. Қалдығы кредиттік қана болатын шот:

- A) 2410
- B) 3190
- C) 3310
- D) 1310
- E) 1330

15. Субшот:

- A) талдаушы және баланстан тыс шоттардың жиынтығы
- B) есепте қолданылатын барлық талдау шоттарының тізбесі
- C) есептелетін мүліктер, дебиторлар мен кредиторлардың түрлері бойынша
- D) бухгалтерлік есептің жинақтаушы көрсеткіштері жалпы номенклатурасының жіктеушісі
- E) жинақтаушы мен талдаушы шоттардың жиынтығы
- F) құралдар мен олардың көздерін одан да әрі тәптіштеу үшін

16. Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары:

- A) Ақша қаражаттары, қысқа мерзімді инвестициялардан
- B) ҚР қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы № 185 бұйрығымен бекітілген қаржылық есептілік элементтері мен өндірістік есеп шоттарының жіктемесі
- C) Жарғылық капитал мен резервтік капиталдан
- D) Активті және пассивті бөлімдерден
- E) 8 бөлімнен тұрады
- F) Төленбеген капитал мен эмиссия кірісінен
- G) Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер мен банктік қарыздардан

17. Активтер мен міндеттемелерді түгендеу қамту деңгейіне қарай:

- A) Ішінара
- B) Ағымдағы
- C) Аяқ астынан
- D) Кезекті
- E) Таңдамалы
- F) Жоспарлы
- G) Толық

18. Мерзіміне байланысты түгендеу жүргізу:

- A) Ішінара
- B) Ағымдағы
- C) Кезекті
- D) Жоспардан тыс
- E) Аяқ астынан
- F) Жоспарлы

19. Бухгалтер этикасының негізін құраушы принциптер:

- A) Адалдық
- B) Құлыққа бару
- C) Ақпараттарды жарнамалау
- D) Кәсіби біліктілік
- E) Адалдық
- F) Ақпараттардың құпиялығын сақтау

20. XVII ғасырдың аяғында есеп нысанында қолданылған негізгі регистрлер:

- A) Бас кітап
- B) Журнал-ордер
- C) Бас журнал
- D) Көмекші кітаптар
- E) Журнал

21. Бухгалтерлік баланс баптарының сомасына шаруашылық операциялары бойынша әсер ететін түрі:

- A) Тек қана пассив бөліміне
- B)  $A+a_1-a_2= \Pi$
- C)  $A+ = \Pi+$
- D) Құрал-жабдықтар мен қайнар көздері бірдей көбейеді
- E) Актив пен пассив бөлімінің сомасы бірдей артады

22. Ақша қаражатының түсімдері:

- A) Тоқтатылған қызметтен түскен пайда
- B) Қаржылық қызметінің нәтижесіндегі түсімі
- C) Өзге де кірістер
- D) Ақша қаражатының операциялық қызметінің нәтижесіндегі түсім
- E) Инвестициялық қызметінің нәтижесіндегі түсім

23. Заңға сәйкес қаржылық есептілікке қол қоятындар:

- A) Ішкі аудит қызметі
- B) Құрылтайшылар
- C) Дара кәсіпкер
- D) Бас бухгалтер
- E) Орындаушы тұлға
- F) Директорлар кеңесі
- G) Тексеру комиссиясы

24. Қаржылық есептіліктің сапалық мінездемелері:

- A) Әділеттілік
- B) Сенімділік
- C) Толықтық
- D) Түсініктілік
- E) Сақтық
- F) Маңыздылық
- G) Бейтараптық

25. Қызмет нәтижелерінің өлшемімен тікелей байланысты қаржылық есептілік элементтері:

- A) Міндеттеме
- B) Шығыстар
- C) Кірістер
- D) Капитал
- E) Ұзақ мерзімді активтер

**Бухгалтерлік есеп негіздері  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**Басқару есебі I**

1. Басқару есебі ақпараттарының ішкі пайдаланушылары:

- A) салық органдары
- B) менеджерлер
- C) жұмысшылар
- D) реттеуші органдар
- E) инвесторлар
- F) бөлімше басшылары

2. Басқару есебінде жасалатын есептің жиілігі:

- A) ай сайын
- B) қажет болған кез келген уақытта
- C) тоқсан сайын
- D) қаржылық кезең аяғында
- E) кезеңдік

3. Кезең шығындары:

- A) Тек қана сату шығындары
- B) Өнімдер мен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сату бойынша шығындар, жалпы және әкімшілік шығындары, несие пайызы бойынша шығындар
- C) Шартты-тұрақты шығындар
- D) Тек қана пайыз бойынша шығындар
- E) Тек қана жалпы және әкімшілік шығындар

4. Айнымалы шығындар:

- A) Технологиялық мақсат үшін отын шығындары
- B) Өндіріс көлемінің өзгерісіне тікелей байланысты емес кешенді шығындар
- C) Өндіріс көлемінің өзгерісіне тікелей байланысты шығындар материалдық, өндірістік жұмысшылардың кесімді еңбек ақылары
- D) Ұйымның басқару қызметіндегі жанама шығындар
- E) Өндіріс көлемінің өзгерісіне тікелей байланысты емес жанама шығындар
- F) Өндіріс көлемінің өзгерісіне тікелей байланысты шығындар
- G) Өнім түрлері арасында бөлу базаларына сәйкес таратылатын шығындар

5. Шығын өндіріс көлеміне байланысты жіктеледі:

- A) өндірістік үстеме шығындар
- B) үстеме және жанама
- C) материалдар, еңбек ақы
- D) негізгі және көмекші
- E) тура және жанама (амортизация, жал)
- F) өзгермелі және тұрақты
- G) негізгі материал, еңбек және үстеме

6. Негізгі өндіріс шотының дебетінде көрсетілуге тиісті:

- A) Өндіріске жұмсалынған шығындар
- B) Жоспарда көрсетілген шығындар
- C) Өндіріске жұмсалынған кезең шығындары
- D) Өндірісті басқарумен байланысты тек қана үстеме шығындар
- E) Нормадан артық жұмсалынған шығындар
- F) Жоспарсыз шығындар

7. Өндіріс шығындары есебінің мақсаты:

- A) Ұйым менеджерлері үшін басқару ақпараттарын даярлау
- B) Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау және анықтау
- C) Әрбір жауапкершілік орталықтары бойынша ақпараттарды даярлау және талдау
- D) Зиянсыздық, бөлімше қызметінің тиімділігін, капитал салымдарының тиімділігін анықтау және талдау
- E) Қаржылық есеп беру нысанын құруға ақпараттарды даярлау
- F) Өнімнің, жұмыстар мен қызметтердің өзіндік құнын калькуляциялау және анықтау

8. Өнімнің өзіндік құнына еңбек ақы шығындары бойынша апаратын шығын:

- A) Заңмен белгіленген алименттік төлемдер
- B) Әлеуметтік сақтандыру жарналары
- C) Әлеуметтік салық сомалары
- D) Артық орындаған жұмыс көлемі үшін еңбек ақы сомалары
- E) Төлем көзінен ұсталынатын жеке табыс салығы
- F) Корпоративтік табыс салығының сомалары
- G) Жеке табыс салығы

9. Реттелмейтін (бақыланбайтын ) шығындар:

- A) Жалдау бойынша шығындар
- B) Негізгі материалдар
- C) Технологиялық қажеттіліктерге жұмсалған электр қуаты
- D) Жалға алу (жалгерлік шығындар) және коммуналдық төлемдер
- E) Негізгі өндірістік жұмысшылардың еңбек ақысы
- F) Жұмыстан тыс уақытқа төлемдер
- G) Өнімге байланысты жұмсалатын шығындар

10. Әкімшілік шығындар:

- A) Негізгі өндірістік цехтарды ұстау шығындары
- B) Бас инженердің еңбек ақысы мен одан аударымдар
- C) Негізгі өндірістік цехтарды жөндеу шығындары
- D) Бас бухгалтердің еңбек ақысы және одан аударымдар
- E) Негізгі өндіріске жұмсалынған материалдық шығындар

11. Басқару шешімдерін қабылдау кезіндегі уақытша шығындардың есептегі жағдайы:

- A) Ұйымның ресурстарының шектеулі кезінде
- B) Ресурстардың толық кезінде
- C) Ресурстардың шамадан тыс артық кезінде
- D) Ресурстардың қамтамасыздығы шектеулі кезінде
- E) Ресурстардың шектеулі кезінде

12. Өнім бірлігінің өзіндік құны есептеледі:

- A) Өндіріс көлеміне жұмсалған барлық шығынды өндірілген өнім көлеміне бөлу
- B) Барлық жұмсалынған шығындарды өндірілген өнімнің көлеміне бөлу арқылы анықтау
- C) Өндіріс көлемін барлық өнімнің өзіндік құнын көбейту
- D) Барлық жұмсалынған өндірістік шығындарды өндірілген өнімнің көлеміне бөлу арқылы анықтау
- E) Табыстан өндіріс шығындарын азайту
- F) Барлық шығындарды қосу

13. Негізгі өндіріс жұмысшыларына есептелінген қосымша еңбек ақы шығындары:

- A) Үстеме шығыстарға
- B) Әкімшілік шығыстарға
- C) Негізгі өндіріске
- D) Өнімнің өзіндік құнына
- E) Көмекші өндіріске

14. Өнімнің толық өндірістік өзіндік құнының есептелуі:

- A) Өндіріске жұмсалынған жалпы шығындармен
- B) Болашақ кезең шығындарымен
- C) Сатып алу шығындармен
- D) Жалпы шаруашылық шығындармен
- E) Сатудағы шығындарымен
- F) Әкімшілік шығындармен

15. Толық өзіндік құнды калькуляциялауда шығындар объектісіне бірден жатқызылуы мүмкін шығындар:

- A) еңбекті өтеудің тікелей шығындары
- B) технологиялық мақсаттарға жұмсалатын
- C) жал төлемі
- D) тікелей материалдық шығындар
- E) еңбекті өтеуден аударымдар

16. Толық емес өзіндік құнды калькуляциялауда тұрақты шығындар:

- A) негізгі құрал-жабдықтардың амортизациясы
- B) тікелей еңбек шығындары
- C) басқару қызметкерлерінің еңбекақысы
- D) технологиялық мақсаттарға жұмсалатын
- E) жылытуға шығындар

17. Нормативтік шығын есебі жүйесінің негізгі мақсаттары:

- A) пайда болған орны бойынша нормадан ауытқу себептерін талдау
- B) жоспармен үйлеспейтін (келіспейтін) операцияларды анықтауға бағытталған бақылау схемасын жасау
- C) шешім қабылдауға пайдаланылатын болашақта болатын шығындарды болжау
- D) әр бұйым бойынша өзіндік құнның нормативтік калькуляциясын алдын ала жасау
- E) материалдың, еңбектің, қаржы ресурстарының ұтымсыз шығындалуын уақытылы ескерту
- F) өндірістегі резервтер мен нәтижелерді анықтау

18. Кешенді өндіріс шығындарын тарату кезінде нарықтық баға әдісіне қосылады:

- A) қаржылық коэффициенттер әдісі
- B) заттай (натуралды) көрсеткіштер
- C) орташа өлшенген құн әдісі
- D) бөліну нүктесінде нарықтық құн әдісі
- E) сатудың таза құн көлеміндегі жалпы пайданың тұрақты үлес әдісі
- F) ФИФО әдісі



19. Жанама өнімдер:

- A) бөліну нүктесіне дейін жеке өнімдер болып табылмайды
- B) негізгі өнімдер өндірісі үрдісінде пайда болатын өнімдер
- C) басқалармен бір мезгілде өндірілетін, бірақ әр қайсысының жоғары өткізу бағасы бар өнімдер
- D) басқалармен бір мезгілде өндірілетін өнімдер, бірақ басқаларға қарағанда олардың өткізу бағасы әлде қайда төмен
- E) негізгі өнімдерге қарағанда маңызды нарықтық бағаға ие болады
- F) олардың қаржылық нәтижеге әсері екінші сатыда тұрады

20. Шығын есебінің объектілеріне жатады:

- A) шығын пайда болған орындар
- B) сыртқа сататын меншікті өндірістің шалафабрикаттары
- C) болашақта кіріс әкелу мүмкіндігін жоғалтқан ресурстар
- D) барлық шығарылған өнімдер
- E) негізгі қызмет түріне жатпайтын сыртқы фирмалар орындайтын жұмыспен қызметтер
- F) негізгі және көмекші өндірістердің жұмыстары мен қызметтері

21. Біртекті өнім бірлігін шығаратын кәсіпорындарда қолданылатын шығындар калькуляциясының жүйесі:

- A) шектік калькуляция
- B) әкімшіліктік калькуляция
- C) тапсырыстық калькуляция
- D) стандарттық калькуляция
- E) өндірістік процесті калькуляциялау
- F) нормативтік калькуляция
- G) толық калькуляция

22. Жеке өндірісте дайын өнімнің өзіндік құны:

- A) Барлық нақты өндіріске жұмсалынған шығынды алынған өнім көлеміне бөлу арқылы
- B) Барлық нақты өндірістік шығынды алынған өнім көлеміне бөлу арқылы
- C) Жоспарлы шығынды бір сатыдан алынған өнім көлеміне бөлу арқылы
- D) Барлық нақты шығынды алынған өнім көлеміне бөлу арқылы
- E) Нормативтік шығынды алынған өнім көлеміне бөлу арқылы

23. Нормативтік әдісте норманы өзгертудің маңызы:

- A) бағалауда есепке алынады
- B) жаңа техника мен технологияларды енгізілуі
- C) нормативтік базаны анықтау үшін қажет
- D) кіріс алу үшін жұмсалады
- E) болашақта кіріс әкелу мүмкіндігін жоғалтады
- F) бағалауда есепке алынбайды
- G) ағымдағы есепті кезеңнің пайда мен шығындар шотында шығыстар ретінде тіркеледі

24. Дайын өнім өндірісіндегі нормадан артық жұмсалынған материалдық шығындар апарылады:

- A) Кезең шығындарына
- B) Қорытынды пайдаға
- C) Сатылған өнімнің өзіндік құнына
- D) Негізгі өндірістік шығындарға
- E) Қорытынды зиянға
- F) Өндіріс шығындарына
- G) Үстеме шығындарға

25. Өндіріс көлемінің өзгерісіне байланысты өнімнің бір өлшеміне өзгермелі шығындар:

- A) Ұйым шешіміне байланысты өзгереді
- B) Ұйымның іскерлік белсенділігіне байланысты өзгереді
- C) Маңызсыз өзгереді
- D) Өзгермейді
- E) Азайып отырады
- F) Өндіріс көлеміне байланыссыз тұрақты болып қалады
- G) Маңызды өзгереді

**Басқару есебі I  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**